**Қазақстан Республикасының имиджін арттыру және әлеуетті инвесторлармен өзара қарым-қатынас орнату жөнінде ұсыныстар әзірлеу үшін жұмыс тобын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2009 жылғы 26 маусымдағы N 90-ө Өкімі

Қазақстан Республикасының имиджін арттыру және әлеуетті инвесторлармен өзара қарым-қатынас орнату жөнінде ұсыныстар әзірлеу мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары, жетекші

Жәмішев Болат Бидахметұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, жетекшінің орынбасары

Дүйсенбаева Гүлмайра Қуандыққызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік қарыз алу департаментінің директоры, хатшы

Исекешев Әсет Өрентайұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрі

Құсайынов Марат Әпсеметұлы - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау вице-министрі

Шолпанқұлов Берік Шолпанқұлұлы - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі

Ақышев Данияр Талғатұлы - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары (келісім бойынша)

Тортаев Бауыржан Қадырұлы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Инвестициялық саясат және жоспарлау департаментінің директоры

Әбдірахманов Нұрлан Алмасұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Стратегия және талдау департаментінің директоры (келісім бойынша)

Иманбаев Болат Бәриұлы - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Көп жақты ынтымақтастық департаменті директорының орынбасары

2. Жұмыс тобы бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының имиджін арттыру және әлеуетті инвесторлармен өзара қарым қатынас орнату жөнінде ұсыныстар енгізсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Е.Т. Орынбаевқа жүктелсін.

*Премьер-Министр* *К. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК